





Бала тәрбиесіне байланысты бірнеше ақыл-кеңестер

- ❖ Баламен қарым-қатынаста күшке сүйеніп, бәрбір менің айтқанымды істейсің» - деген қоқан-лоққы баланың одан әрі қырсықтана түсуіне әкеп соғады.
- ❖ Орындай алмайтын нәрсені айтып, уәде бермеңіз. Бұл баланың сізге деген сенімін жояды.
- ❖ Бала өзі орындай алатын істі, оның орнына жасамаңыз. Ол ары қарай сізді өзінің күтушісі ретінде пайдалануы мүмкін.
- ❖ Бейтаныс адамдардың алдында баланы тәрбиелеуге тырыспаңыз. Одан гөрі қалыпты жағдайда көзбе - көз сабырмен айтылған ескертудің әсері мол.
- ❖ Балаға нотация оқып, ұрса бермеңіз, ол өзін қорғау үшін әдейі керек болады.
- ❖ Баланың эксперимент жасағанды жақсы көретін әдетімен келісіңіз. Бала осылай әлемді таниды.
- ❖ Баланы жауапкершілікке, өзіне сенімді бола білуіне тәрбиелеудің жақсы әдісі - баланың өзі шешім қабылдап үренуіне мүмкіндік тудыру.
- ❖ Баланың қызығушылығын ынталандырыңыз. Баланың қойған сұрағынан қашқалақтамай, оны мұқият тыңдап жауап беруге тырысыңыз. Өйткені бала қойған сұрағына жауапты басқа жақтан іздеуі мүмкін.
- ❖ Баламен сөйлескенде теріс қарамай, оның сөзін бөлмей, түсініп, мұқият тыңдаңыз. Оның айтқандары сізді қызықтырмайтынын сезіп қоймасын.
- ❖ Балаға ережені көп орнатып және көп сұрақ қоя бермеңіз: ол сіздің айтқандарыңызға көңіл бөлуді қояды.
- ❖ Отбасында сәбидің пайда болуы үлкен балаңыздың өмірінде тағдарыс тудыруы мүмкін. Балалалардың екеуіне бірдей көңіл бөліңіз. Үлкен балаңыз сіздің оны әрқашан жақсы көретініңізді білуі керек.

- 
- ❖ Балалардың арасындағы ұрыс жанжалды тоқтатудың бірден бір жақсы жолы, зейіндерін басқа жаққа аударып, жағдайды өзгерту.
 - ❖ Баланы басқа балалармен салыстырмаңыз, оны сол қалпында қабылдап, жақсы көріңіз.
 - ❖ Балалар ақыл айтқанды ұната бермейді. Сондықтан балабақшаға бара-жатқан ұл-қыздарыңыздың маңдайынан иіскеп тәртіпті болуына тілектестік білдіріңіз.
 - ❖ Баланың адалдығына күмән келтіре бермеңіздер, онда бала өтірік айтуға үйренеді.

Ата – аналарға арналған ақыл-кеңестер

- Баланың қойған сұрағына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
- Балаңыздың жеке бөлмесі немесе бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
- Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс — әрекетпен айналысып отырса.
- Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсетуге талпыныңыз.
- Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
- Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
- Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
- Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
- Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
- Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
- Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
- Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, таңғажайып оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
- Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
- Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқтауына жағдай жасаңыз.
- Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
- Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
- Балаңыздың өткір ойлылығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.
- Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
- Балаға баға бермеңіз, оның іс – әрекетін бағалаңыз.
- Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.
- Халық арасында мынандай нақыл сөз тараған: «Баланы тәрбиелеу сөзбен емес, үлгі көрсетумен шындалып нығаяды».



«Тәрбие отбасынан басталады»

«Әрекетіміз дұрыс болуы үшін, оған
баратын жолымыз қандай болу керек
екенін анықтап алуға тиіспіз»
Әл – Фараби.

Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата – ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір – біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым қатынасына байланысты болады.

Қай ата – ана болмасын өз перзентінің иманды да инабатты, адамгершілігі мол, саналы азамат болып өсуін қалайды, сондықтан бала тәрбиесінің нәзік тұстарын білу, әрбір ата – ана үшін қажетті шарт. Әр бала үшін өз ата – анасынан артық ешкім жоқ, олар ең ақылды, ең күшті, ең әдемі. Әсіресе, сәби шақтағы ата – ананың бала алдындағы беделі сөзсіз. Ата – ананың шыншылдығы мен әділеттігіне, айтқан сөздері мен істеген істерінің дұрыстығына кәміл сенетіндігін балалардың «Анам айтты.....», «Әкем осылай істе деген» сияқты сөз саптауларынан байқауға болады.

Үлкен адамдар өзінің қажеттіліктеріне орай, қоршаған ортаның талабына «күмән келтіріп», салмақтап қарсы тұруға, қабылдамауға қабілетті. Олар астар санаға қажет емес деп санаған ұстанымдарды саналы түрде өткізбейді. Балалар олай істей алмайды. Балалық шақта ата – анамен қарым – қатынаста психологиялық қорғаныс жасауға баланың мүмкіндігі жоқ, ол естіп көргенін бұлжытпай қабылдап, бойға сіңіреді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейтін халық нақылы осындайда айтылады.

Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кіріп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарау, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Баланың адамдармен қарым – қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Сондай –ақ отбасының баланың дамуы мен қалыптасуы процесіндегі ролі де ерекше. Отбасында тұрмыстың белгілі жағдайлары жасалады, мәдени орта қалыптасады, сезімдік күйлер орнығады.

«Ұяда не көрсен ұшқанда соны аласын» дегендей бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл – ойының дамуы, ұнамды мінез – құлқын қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізі отбасында мектепке дейінгі жаста қаланады.

Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым – қатынастардың өзіне қандай қамқоршы, сүйеніш екенін сезінуі керек. Отбасы шын мәнінде тату – тәтті, өзара түсіністікте болса, одан адамгершілік пен әдептіліктің көрінісі айқын сезіліп тұрады. Отбасының бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бір-біріне деген қамқорлығынан, тіпті бірегей саяси көзқарасты ұстануын, соған орай ерлі – зайыптылық және ата – аналық сезімін терең түсіне білулерінен байқалады.

Өз ата – анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата – аналарды да құрметтей біледі, қашанда үлендер алдында өзін дұрыс ұстап, құрмет пен қамқорлық таныта біледі.

Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес, ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ашқан бөбек тәрбиесін бесіктен бастаған.

Ұзақ жолдар бойы отбасы тәрбиесі баланы тәрбиелеудің бірден – бір формасы болып келеді. Қазіргі қоғамдағы отбасы баланың шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап өмірінің соңына дейін тәрбиелік ықпал жасайтын негізгі ошақ болып отыр. Әрине, әркім өзінің баласының тәрбиелі, білімді болғанын қалайды, әрі еңбек сүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен дәрежелі қызмет иесі болса екен деп те тілейді. Жақсы тілек пен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын ата – ананың өзі. Бала тәрбиесі бесіктен басталады демей ме? Бала дүниеге келісімен оған көп көңіл аударып, оның өнегелі қасиеттерін отбасында қалыптастырған жөн.

Баламызды балабақшаға жіберіп, бақша тәрбие береді, білім береді деп, бар ауыртпалықты тәрбиешіге салып қойғанымыз жеткіліксіз. Баланы балабақшаға берген соң ата – ана тәрбиешімен тығыз қарым қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс. Еліміздің өркендеуі, дамуы, болашағы қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан – жақты білімді болуына көп байланысты.

Кейбір ата – аналар жұмыстан шаршап келгенін көп сылтауратып, баласының тәрбиесіне 30 минут та көңіл аударуға уақыт бөле алмайды. Осындай жағдайларда бала тәрбиесінде көп қиындықтар туындайды. Баланың күнделікті өміріндегі бірде бір әрекетін ата – ана ескреусіз

қалдырмағаны жөн. Жақсылығын мақтап, білмегенін айтып түсіндіріп, үйретіп отыру баланы жетістіктерге жетелейді.

Ата – ана өзінің алдына мына төмендегідей мақсат қойып, оның жүзеге асуына мән беретін болса, сөз жоқ, ұрпағының тәрбиелі, өнегелі, білімді болып өсуіне жол ашады.

- Балабақшадан келген баланың көңіл –күйін сұрау, бүгінгі тәртібіне, өзіне – өзінің баға беруіне үйрету;
- Балаға өз қателігін түсінуге мүмкіндік жасау;
- Ата- ана өзін – өзі ұстай білу, бақылай білу;
- Балаға дауыс көтеріп, жазалауға асықпай, оны түсінуге тырысу;
- Баланың жақсы мінез, іс – әрекетіне назар аударып, көңіл – күйін көтеру;
- Баланың тілін түсініп, онымен сырлас дос болуға тырысу;
- Өз баласын басқа балалармен салыстырмай, дұрыс тәрбие беріп, мінез – құлқын, іс – әрекетін, қателігін түсінуге мүмкіндік жасай білу;
- Баланың психо – физиологиялық даму деңгейіне, жан – жақты жетілуіне көңіл бөлу;
- Баланың орынды талап тілегіне тежеу жасамай, еркіндік беріп, дүниеге, өмірге деген көзқарасына түсіністікпен қарау.

Бала бойында кездесетін жат қылықтар

Бала бойында жат әдет болып кеткен қылықтар кездеседі. Мысалы, бала үнемі шашымен ойнап отырады, тырнағын тістелейді, саусағын сорып отырады, ернін жалай береді т.б. қылықтар көрсетеді. Балада мұндай жағдай көбінесе шаршаудан, өзін еркін сезіне алмаудан туындайды. Мұндай жат әрекет еріктен тыс (автоматты түрде) болатындықтан, баланың өзін бақылауға қабілеті жетпейді.

Балаға қалай көмектесуіміз керек?

Бұл әрекетке қарсы үлкендер алдымен қарапайым әдістерді, біртіндеп күрделі әдістерді қолдану қажет. Жат қылықтар бала жалғыз қалған кезде жиі қайталаынады. Себебі теледидар көруден, бір әрекетпен үнемі айналысудан, т.б. әрекеттерден бала жалығады.

Баланың жат әдетін азайту үшін әдет арасындағы байланысқа кедергі жасау керек. Егер бала шашымен ойнай берсе, басына бас киім кигізіп қойыңыз. Тырнағын тістей берсе, саусақтарын бинтпен байлап қойыңыз.

Үйде жайлы жағдай туғызуға тырысыңыз. Баланың көзінше өз мәселеліңізді талқылып, жанжалдасуға, балаға жақын адамдарды жамандауға жол бермеңіз. Баланың уақытында демалып, дұрыс тамақтануына көңіл бөліп, қадағалаңыз. Баланың кішкентай ғана табысына, жетістігіне қуанып, оны қолдаңыз. Оны ары қарай дамытуға жағдай жасаңыз. Өз алдына шындық тұрғыдан мақсат қоя білуге көмектесіңіз. Баланы жақсы көретіңізді көрсетіңіз. «Мен сені жақсы көремін» дегенді түсіндіріңіз.

Баланың өзін-өзі бақылауы

Мәселен, бала үлкендердің көмегімен «бақылау қағазын» толтырады. Егер бала шашымен ойнап тұрғанын сезсе, «Б» әрпін қояды. Ал егер бұл әрекет есіне түсіп, бұл әрекетті жасамаса, «А» әрпін қояды. Үлкендер бұған баға беріп, жат әрекетті азайта бастаса, мадақтап отырады. Бұл бақылау жат әдетті қойғанға дейін жүргізіледі. Сонымен қатар жат әдетті басқа әрекеттермен алмастыру, мысалы, бала саусағын сора берсе, баланың пианино ойнауға деген қызығушылығын тудыру. Балаға саусағын сору есіне түсе бастаған кезде, пианинаның тілдерін басып, өзі жақсы көретін әнді айта бастайды. Бұл баланың өзін еркін ұстауына көмектеседі.

«Балалар ата-ана қолына берілген аяулы аманат»

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата-ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін,» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, ертеде «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған.

Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін күрделі процесс. «Бала бақшадағы гүлің - оны тәрбиелей білу –үлкен ғылым», «Құс балапаны үшін тұзаққа түседі, адам баласы үшін азапқа түседі». Шындап келгенде, отбасы бақыты ата-аналардың өз қолында!


Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті. Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуға тиіс. Баланың бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгілі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек. Баланың адал да, ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс.

Баланы еңбекке құрметтеу мен сүю рухында жас кезінен тәрбиелеп, оның бойына адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дамыту керек. Ересектер балаларды күн сайын сыпайылыққа, сергектікке, үлкендерді құрметтеуге, әділдікке өз үлгісімен тәрбиелеп отыруға тиіс. Үйдегі жайлылық пен салауаттылықтың алғы шарттары – тазалық пен тәртіп, сондай-ақ барлық отбасы мүшелерінің тату-тәтті тұруға ұмтылуы.

Кейбір ата - аналар өз перзенттерін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді немесе отбасындағы өнегелі тәрбие мөлшеріне немқұрайдылықпен қарайды. Ал мұндай көріністер баланың бойында кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Бұндай қолайсыз жағдайларға тап болуына баланың өз ата - анасы кінәлі емес деп қалай айта аласыз. Бірақ осындай ата - аналар өз кемшілігін сезініп, өздері мойындай да бермейді. Бұл секілді жағдайлар аз болса да өмірде кездесіп тұратын шындық.

Ата - аналар тәрбиесі әдістерін іріктеу мен қолдануда мына жағдайларды ескеруі керек деп ойлаймын.

- Әрбір ата - ана өз баласының болмысын жете тани білуі қажет.
- Ата - аналардың жеке тәрбиесі мен беделі, отбасында орнатқан қатынастар сипаты.

- 
- Ата - аналардың тәрбиелік істерінің бірлігі, іс - әрекеттер әдістерінің басымдығының болуы.
 - Ата - аналардың педагогикалық мәдениеті, тәрбиелік ықпаладардың қыр - сырларын үйренуі, тұрмыстық қажеттілікке айналдыру.
 - Отбасылық тәрбие ережелері.
 - Бала төзімділікте өссе, ол басқаларды түсінуге үйренеді;
 - Бала адалдықта өссе, ол адал адам болып жетіледі;
 - Бала қауіпсіз жағдайда өссе, ол адамдарға сеніммен қарайды;
 - Бала кекшілдікте өссе, ол қатігез болып өседі;
 - Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.

«Гиперактивті балалардың ерекшеліктері»

Гиперактивті сөзі «гипер» мөлшерден тыс, шектен тыс мағынасын білдіреді. Бұл баланың қалыпты дамуына сәйкес келмейтін, шектен тыс белсенділік көрсететін балалар. Мұндай балалардың зейіндері тұрақсыз болып келеді, тез шаршайды, алаңғасар.

Гиперактивті болу себептері:

- Анасының жүктілік кезінде ауытқушылықтың (патология) болуынан;
- 1 жасқа дейін баланың ауырған ауыруының салдарынан;
- Тұқым қуалауы да мүмкін;

Гиперактивті балалардың жекеленген ерекшелігін еске ала отырып, олармен кешкілік емес, күннің бірінші жартысында жұмыс жасау керек, жұмыс жүктемесін азайтып, арасында үзіліс жасап отырған жөн. Мұндай балалармен жұмыс жасар кезде, тапсырманы жақсы орындағаны үшін мадақтау (материалды болуы міндетті емес) алатындығы жөнінде және т.б. ережелерді айтып, олармен алдынала жекеленген әңгімеде келісіп алған жөн. Гиперактивті баланы әрбір 15 - 20 минут сайын мадақтап жұлдызшалар беруіңізге болады, ал ол оларды күні бойында марапатталуға ауыстыруына болады: нақтылы бір баланың тілегі мен ерекшеліктеріне байланысты, бірінші сабақтан соң қыдыруға баруға, түскі тамақ уақытында кезекшілік, ойынға қосымша уақыт беру.

Гиперактивті балаға нұсқау берерде ересектердің есінде болатын нәрсе оларға берілетін нұсқау қысқа да нұсқа (10 сөзден аспауы) болуы керек. Гиперактивті балалар ата-аналары мен тәрбиешілеріне манипуляция жасауға бейім. Мұндай жағдай болмауы үшін, ересектердің есінде болатын жағдай: кез келген жағдайда ол сабырлылық сақтағаны жөн.

Гиперактивті балаларға тән әрекеттер

- Іс – әрекет жасағанда тым шапшандық танытады
- Бір жерде отыра алмайды, үнемі қимыл қозғалыста болады немесе саусақтарымен ойнап отырады
- Көп сөйледі
- Аз ұйықтайды
- Балалармен қарым – қатынас жасау барысында көп қиыншылықтарға тап болады
- Қызығушылықпен бастаған жұмысын соңына дейін аяқтай алмайды
- Көп нәрсеге немқұрайлы қарап, өзін дұрыс ұстай алмайды
- Ережеге бағына алмайды
- Қойылған сұрақтың соңын күтпей жауап бергісі келеді

- Шыдамсыз өз кезегін күте алмайды
- Сабақтан тез жалығады
- Шамасы келсін, келмесін барлық істі «Мен атқарамын» деп өзіне ала береді
- Ұмытшақ
- Біреу айқайласа, ол да қосыла айқайлайды
- Үлкендерге дауыс көтеріп ауыр сөздер айтады
- Жасаған іс- әрекетіне жауапкершілікпен қарамайды

Ойынды (әсіресе көп қозғалысты) таңдауда, гиперактивті балалардың жекелік ерекшеліктерін есте ұстаған жөн: ұзақ уақыт топтық ережеге бағынуды үйрене алмаушылықтарын, тез шаршайтындықтары, нұсқауды соңына дейін тыңдамау және оны орындамау (кейбір бөлімдерінде назарды көбірек аудару). Ойын ойнағанда олар өз кезегін ұзақ күте алмайды және басқалардың мүдделерімен санаспайды. Сондықтан да, мұндай балаларды ұжымдық ойындарға кезеңмен мақсатты (орынды) қосқан дұрыс. Мұндай балалармен біріншіден жеке жұмыс, содан соң шағын топта, тек содан соң ғана ұжымды ойынға қосуға кеңес беріледі. Жекелік жұмыс ретінде психолог И.В.Шевцованың «Қолдармен жұмыс», Т.Д.Черепанованың «Археология» (авторлық жұмыс) ойындарын алуға болады. Гиперактивті балалармен ұжымдық ойындар: «Тасбақа», «Алтын балық», «Кішкентай құс» және т.б. ойындар ойнау арқылы балаға көмектесуге болады.

«Тасбақа» ойыны

Мақсаты: өз қимылын бақылауды үйрету.

Ойынды жүргізуші бөлменің бір шет қабырғасында, ал қатысушылар қарама-қарсы қабырғада тізіліп тұрады. Жүргізушінің белгісі бойынша олар қозғала бастайды. Одан әрі қарай жүргізуші: «Көз алдарыңызға елестетіңіздер, сіздердің барлығыңыз тасбақасыздар. Мен үлкен тасбақамын, ал сіздер кішкентай тасбақаларсыздар. Мен сіздерді өзімнің туған күніме шақырдым. Мен сіздерді қонаққа күтіп отырмын. Бірақ та мерекелік торт дайын емес.

Менің бұйрығым бойынша сіздер маған келулеріңіз керек. Естеріңізде болсын: сіздер тасбақасыздар, сіздер мүмкіндіктеріңіз келгенше ақырын жүрулеріңіз қажет, сонда сіздер келгенше торт та пісіп қалар».

Ешкімнің де тоқтап қалмауын және асықпағандықтарын жүргізуші қадағалауы керек. 2-3 минуттаң соң ол белгі берген уақытта, барлығының да «қатып» қалулары қажет. Туған күнін атап өтіп жатқан үлкен тасбақадан барлығынан да алыс тұрған қатысушы жеңіске жетеді.

Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Содан соң жүргізуші топтан шеңбер бойынша, оларға ақырын ғана қозғалу қиындыққа түсті ме, нұсқауды

орындау үшін не көмектесті, осы сұрақтар көлемінде талдау жасайды.

Ю.С.Шевченко гиперактивті балалармен жұмыс жасайтын ересектерге, төмендегі ережелермен жұмыс жасауға кеңес береді:

1.Баланың қызығушылығын арттыру мақсатында (сонда оған тапсырмаға зейінін шоғырландыруға жеңілдеу болады) жұмысты ойын түрінде жүргізу.

2.Ойындарды таңдауда, гиперактивті баланың бір уақытта, бір орында қозғалмай отыруын, ұқыпты болу, және өз іс-әрекетін қадағалау қиынға соғатынын ескерген жөн. Сондықтан да, жұмыстың алғашқы кезеңінде, жаттығуға тек қана бір қызметті таңдау керек, мысалы зейінді дамытуға.

3.Содан соң жұмысты күрделендіруге болады, яғни екі (салдарында үш функцияны алуға болады) қызметті бір мезгілде алуға болады, мысалы зейіні мен әрекетін қадағалауды.

Жаттығу орындалып болғаннан соң, бір немесе бірнеше көп кездеспейтін ойындарды қалауларыңша ойнауға болады.

Гиперактивті балалардың ата - аналары қоғамдық орындарда өз балаларының іс-әрекеттерінен қысылады, өздерін кінәлі сезінеді, кейбір жағдайларда не істерлерін білмей қысылады. Мұндай жағдайда баланың еш кінәсі жоқ екендігін әдептілікпен айтып түсіндіріңіз. Сондықтан да, ересектердің көптеген ескертулері, жиі тиым салулары (әсіресе қозғалыс белсенділігінде) мінез-қылығының жақсаруына әкеліп соқтырмайды, бара-бара өзара әсерді күрделендіре түседі.

Гиперактивті бала басқалардай емес өте эмоционалды және тез ренжігіш болғандықтан ересектердің өзіне үнемі көңіл аударып отыруларын талап етеді. Осы эмоционалда ішкі қысымды азайту мақсатында, тактильді сезінулер, мысалы сипау, массаж сонымен қоса М.И.Чистякованың кітабында сипатталғандай, «Психогимнастика», («Шалтай-Балтай», «Насос пен доп», «Винт» т.б.) бірқатар ойындарды жүргізуге болады.

Педагог баланың ата-анасымен бірігіп, тиімді жұмыс жасау мақсатында олармен тығыз байланыста және сенімді қарым-қатынас жасауға тырысуы қажет. Бұл үшін мүмкіндіктердің бірі — олармен карточка алмастыру болып табылады. Әр кеш сайын, педагог ата-анаға, баланың тіпті кішкентай болса да жетістіктері жазылған карточканы беріп жіберіп отырады (оның үлгісі 19 қосымшада берілген). Ал ата-ана болса, қалауынша баланың осы жетістіктері үшін оны марапаттауы керек (мысалы оған 10 минут болса да ұзағырақ қылдыруына, ойнауға, өзінің жақсы көретін кітабын оқуға т.б.). Келесі күні таңертен анасы немесе әкесі тәрбиешеге баланың үйдегі жетістіктері жазылған карточканы алып келеді.

Міне, сонымен педагогтармен ата-аналар арасындағы байланыс осындай күйде қалыптасады екен, ал балада өзіне сенімділік пайда болғанда өзіндік бағасы арта түседі.

